# ЖЕТІСУ шұғыласы

№ 7 (9092),
жұма, 27 ақпан
2026 жыл



Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.


Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА

Важен голос каждого из нас!

# РЕФЕРЕНДУМ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ XXV ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ МИХАИЛ ШАЙДОРОВТЫ МАРАПАТТАДЫ

*Ақорда резиденциясында XXV Қысқы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Михаил Шайдоров пен оның жаттықтырушыларын марапаттау рәсімі өтті.*

*Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде Қазақстан үшін бұл Олимпиаданың орны ерекше екенін айтты.*

*– Отандасымыз Михаил Шайдоров тамаша өнер көрсетті. Мәнерлеп сырғанаудан алтын медальға ие болып, көк Туымызды Олимп шыңына көтерді. Сондықтан Михаилға алғысымды білдіріп, құтты болсын дегім келеді. Ақордада жиналып отырған адамдарға, ең алдымен, Михаилдың әкесі мен жеңімпаздың бапкеріне ризашылығымды айтамын. Баршаңызды тағы да шын жүректен құттықтаймын! Сіздер қажырлы және табанды еңбектің арқасында Михаилды мықты спортшы, нағыз дарын иесі ретінде бүкіл әлемге паш еттіңіздер. Халқымыз Михаилды мақтан тұтады, ал жас буын одан үлгі алады. Олимпиада жеңімпазы болу – биік мақсат жолында кез келген қиындықты жеңу, яғни, ұзақ әрі күрделі жолға дайын болу деген сөз. Темірдей тәртіппен күн сайын тынымсыз жұмыс істеген адам ғана зор табысқа жетері анық, – деді Мемлекет басшысы.*

*Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровтың жеңісі еліміз үшін теңдесі жоқ жетістік саналатынына назар аударды.*

*– Біріншіден, бұл – көптен күткен, яғни, 32 жылдан кейін қол жеткізген тарихи жүлде. Екіншіден, бұл – мәнерлеп сырғанаудан ел қоржынына түскен алғашқы Олимпиада алтыны. Үшіншіден, күллі әлем елімізде әйгілі спортшы Денис Теннің жолын жалғастыратын дарынды жастардың бар екеніне куә болды. Михаил Шайдоровтың Олимпиадада көрсеткен керемет өнері, сөзсіз, тарихи жетістік, нағыз триумф. Кортина д'Ампеццо мұз айдынында отандасымыздың ж ұ л д ы з ы ж а р қ ы р а д ы . Бұл – Олимпиада чемпионының өзін-өзі шыңдап, өз күшіне сенгенінің, м ә н е р л е п сырғанау сияқты аса қиын спорт түріне деген ерекше махаббатының жемісі, – деді Президент.*



*Мемлекет басшысы Олимпиада чемпионының әкесі әрі алғашқы бапкері Станислав Шайдоровтың еңбегіне айрықша тоқталды.*

*– Станислав Александрович – мәнерлеп сырғанаудан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Әкесі, тұңғыш бапкері ретінде Михаилдың мұз айдынындағы алғашқы қадамын жасауға көмектесіп, өмірдің ең қиын сәттерінде әрдайым ұлының жанында болған адам. Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан Республикасының көк Туын әлемнің басты спорт аренасында биік желбіреткен осындай ұлды, отаншыл азаматты тәрбиелегеніңіз үшін Сізге шын жүректен алғыс айтамын. Баспасөз бетіндегі сұхбатыңызды оқып шықтым. Михаилдан мейіріміңізді аямай, талантты перзентіңіздің спорттағы ерекше миссиясына титтей де күмән келтірмей, әкелік парызыңызды адал әрі лайықты атқардыңыз. Биік шыңға апарар бұралаң жолдан бірге өттіңіздер. Енді сол табан ақы, маңдай тердің жемісін көріп, құрмет пен қошеметке бөленіп жатсыздар. Бүгінде халқымыз Сіздерді ардақ тұтады. Отаншылдықтың нағыз үлгісін көрсеткендеріңіз үшін еліміз Сіздерге ризашылығын білдіреді. Жұртшылықтың алғаусыз алғысы мен құрметіне мен де қосыламын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.*

*Президент чемпионның бапкері, әйгілі спортшы, 1994 жылғы Олимпиада жеңімпазы, әлем чемпионы Алексей Урмановқа ыстық ықыласын білдірді.*

*– Мәнерлеп сырғанау спортындағы білікті маман ретінде ерен жетістіктеріңізді жалғайтын лайықты ізбасар дайындадыңыз. Сол үшін Сізге зор алғыс айтамын. Осынау тамаша табысқа салалық министрлік, федерация, сондай-ақ атақты боксшымыз, жақында есімі Дүниежүзілік бокс даңқы залына жазылған Геннадий Головкин басқаратын Ұлттық Олимпиада комитеті елеулі үлес қосты. Отандастарымыз спорттық бәсекенің қиындықтарын, әсіресе, еркін бағдарламадан кейінгі Михаилдың күрделі жағдайын тебіреніспен бақылап отырды. Бірақ ол тәуекелге барып, жер-жаһанның басты байрақты бәсекесіндегі жеңісті жұлып алды. Бұл да кездейсоқ емес. Өзіне берілген жалғыз мүмкіндікті екінің бірі сәтті пайдалана алмайды. Әдетте жарысқа түскенде «бақ шаба ма, бап шаба ма» деп жатады. Бірақ «еңбек – бәрін де жеңбек» деген ұлағатты да ұмытпайық. Михаилдың жеңісі мыңдаған жастарымызды спортпен шұғылдануға жігерлендірді. Еңбек етсең, ерік-жігерің мұқалмай, батыл әрекет қылсаң, кез келген, тіпті қол жетпестей көрінетін арманның өзі орындалатынына сенімін күшейтті. Бүгінде еліміздегі мыңдаған ұл-қыз Михаил Шайдоровқа қызыға қарап, еліктейді, даңқты спортшы болғысы келеді. Демек еліміздің ұландары әлемдік спорттың биігінде жарқырай көрінетін күн алда. Барша Олимпиада чемпиондарының аты әлем спортының жылнамасына жазылады, олардың ж е т і с т і к т е р і Л о з а н н а д а ғ ы Халықаралық Олимпиада комитетінің музейінде тіркеледі. Енді түрлі елдің туристері Михаил Шайдоровтың 2026 жылғы Олимпиададағы тамаша жеңісі туралы білетін болады, – деді Мемлекет басшысы.*

*Қ а с ы м - Ж о м а р т Тоқаев мемлекет тарапынан бұқаралық және кәсіби спорттың дамуына қолайлы жағдай жасалатынын айтты. Бұл – мемлекеттік саясаттың басым бағыты.*

*– Олимпиададағы нәтиже әрқашан ел дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі саналған, алдағы уақытта да солай бола бермек. Қазақстан осы жарыстарға қатысқан спортшылардың саны жағынан 25-орынға табан тіреді. Біз алдына мақсат қойған әр еңбекқор жан өзінің қабілет-қарымын көрсете алатын, соның ішінде спортта көздеген биігіне жетуі үшін мол мүмкіндікке жол ашатын Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз.*

*Адал бәсеке, меритократия, тәртіп пен жауапкершілік, бұл – үлкен спорттың да, кез келген қуатты мемлекеттің де діңгегі.*

*Ұлттың жасампаздық қуатын арттыру республикалық референдумға шығарылған жаңа халықтық Конституция жобасының негізгі мазмұндық өзегі болып отыр. Ата Заңдағы әділдік, тәртіпке бағыну, табиғатты аялау, отаншылдық қағидаттары мемлекет іргесін бекемдеп, өркендеудің қозғаушы күшіне айналады, – деді Мемлекет басшысы.*

*Президенттің пікірінше, мемлекеттердің дамуы да үлкен спортқа ұқсас: кім алдына биік мақсат қояды, табанды еңбек етеді, бірлесіп жұмыс істейді, сол жетістікке жетеді.*

*– Бүгін біз жеңіске жетуге бар күш-жігерін жұмсап, жеке рекордтарын жаңартқан Михаил мен ұлттық құрама мүшелерін құттықтаймыз. Кейбір спортшыларымыз осындай ауқымдағы жарысқа алғаш рет қатысса да, олар лайықты өнер көрсетті.*

*Көптеген спортшымыз өздері сынға түскен сайыста үздік ондыққа енді. Бұл болашақтағы табыстарға жол ашады. Азаматтарымыздың халықаралық деңгейдегі жетістіктері, мейлі, ол спортта немесе оқушылар мен студенттер олимпиадасында, өнерде, тіпті басқа салаларда болсын, еліміздің өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Таяуда Милан мен Кортинада Қысқы Паралимпиада ойындары басталады. Спортшыларымызға сәттілік тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.*

*Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, екі жылдан кейін атлеттеріміз Лос-Анджелесте өтетін Жазғы Олимпиада ойындарына қатысатынын еске салды.*

*– Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті, федерациялар бірлесе жұмыс атқарып, құрама мүшелерін жан-жақты қолдауға тиіс. 2029 жылы Алматы қаласында өтетін Қысқы Азия ойындарына ерекше назар аудару қажет. Ойындар ең жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек.*

*Бұл – Қазақстандағы спорттың дамуына тың серпін беріп, экономика мен туризм салаларына оң ықпал ететін өте маңызды іс-шара, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.*

*Президент XXV Қысқы Олимпиада ойындарындағы жетістіктері үшін Михаил Шайдоровты II дәрежелі «Барыс» орденімен, бапкері, жаттықтырушы-кеңесші Алексей Урмановты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. «Құрмет» ордені Қазақстан Республикасының мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы Әсем Қасановаға, мәнерлеп сырғанаудан жаттықтырушы Станислав Шайдоровқа, Қазақстандық конькимен мәнерлеп сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералыға табысталды.*

*Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоров көрсеткен қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша отандасымызға ризашылығын білдірді.*

*– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!*

*Бұл кездесуге Олимпиада чемпионы ретінде қатысу – мен үшін зор мәртебе. Алтын медаль – менің ғана емес, ата-анамның, бапкерлерімнің және мен үшін алаңдап, қолдау көрсеткен барша қазақстандықтың жеңісі. Бұл аянбай тер төгіп жұмыс істесең, жақын жандардың махаббаты мен сенімі болса, армандардың орындалатынын көрсетеді. Президент мырза, Сіздің қолдауыңыздың арқасында спортшылар үлкен жетістіктерге, жаңа тарихи рекордтарға қол жеткізіп жүр. Мен Олимпиада алтынымен шектелмеймін. Алдымда ұзақ жол бар. Елімнің сенімін ақтап, жас ұрпаққа үлгі болып, халқымыздың мерейін үстем еткім келеді. Рахмет Сізге! Сүйікті Отаныма, Қазақстаныма қызмет етемін, – деді Михаил Шайдоров.*



akorda.kz

# АЛТЫНКӨЛ – ҚОРҒАС ТОРАБЫНЫҢ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІ ЕКІ ЕСЕГЕ ЖУЫҚ АРТАДЫ




***Мемлекет басшысының еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде негізгі инфрақұрылымдық тораптарды жүйелі жаңғырту жұмыстары жалғасуда.***

***Алтынкөл станциясы мен Қорғас шекаралық өткелі бірыңғай теміржол-шегаралық кешенді құрайды және халықаралық көлік дәлізінің маңызды буыны болып табылады. Аталған торап елдің транзиттік әлеуетін арттыруда ерекше рөл атқарады.***

***Алтынкөл – Қорғас торабы арқылы экспорт-импорт және транзиттік жүк тасымалының едәуір көлемі жүзеге асырылады. Инфрақұрылым жүктерді жедел өңдеуді, контейнерлерді қайта тиеуді және екі мемлекеттің теміржол қызметтерінің үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеді.***

***Қазіргі уақытта ауқымды жаңғырту бағдарламасы іске асырылуда. Алтынкөл – Жетіген учаскесінде жалпы ұзындығы 32 шақырымды құрайтын екі аралықта екінші жолдардың құрылысы жалғасуда, сондай-ақ 5 жаңа және 8 қолданыстағы айырықты дамыту жұмыстары жүргізілуде. Бұл желінің өткізу қабілетін тәулігіне 18 жұп пойыздан 33 жұп пойызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.***

***Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Нұржан Амангелдінұлы Келбұғанов жұмыс сапары аясында станциядағы жобалардың іске асырылу барысымен танысты.***

***Жобаларды аяқтау 2026 жылға жоспарланған. Оларды іске асыру Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік көпір ретіндегі стратегиялық рөлін күшейтіп, ұлттық көлік-логистика жүйесінің тиімділігін арттырады.***

**Дереккөз: ҚР Көлік министрлігінің ресми сайты**

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 8 НАУРЫЗ ҚАРСАҢЫНДА БІР ОТБАСЫ 60 МЫҢ ҚЫЗҒАЛДАҚ ӨСІРДІ



***Жетісу облысының тұрғыны тіршілігін гүлмен байланыстырып, маңайын гүлге толтырды. Ол жолдасымен бірге ауласындағы жылыжайда бес жылдан бері альстромерия мен қызғалдақ өсіріп келеді. Биыл олар Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз мерекесіне орай 14 түрлі сортты 60 мың түп гүл қауызын баптап өсірді. Көктем мерекесінде жұртшылыққа гүл ұсынсақ деген ниетпен талпынып жүрген отбасының еңбегі зор, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

***Көксу ауданы Мұқыры ауылының тұрғыны Балжан Нүсіптің жылыжайына көктем ерте жеткен. Ауада балғын гүлдің хош иісі аңқып, көздің жауын алатын алуан түстер көңіл қуантады. Жылыжайда сары, қызыл, ақ, алқызыл, қызғылт, ала гүлдер жайқалып өсіп тұр. Қыстың суығынан арылар шақта қызғалдақтарға сүйсіне қараудың өзі – нағыз мереке. Алайда мұндай сұлулықты жасау үлкен еңбек пен төзімділікті қажет етеді.***

***– Бастапқыда біз басқалардан алған гүлдерді көтерме бағамен сатып жүрдік. Кейін оларды өзіміз өсірсек деген ой келді. Әрине, ол үшін тәуекелге баруға тура келді. Өз қаражатымызды салдық, түрлі сынақтардан өтіп, қателік жасай жүріп, әр жолы жаңа білім мен тәжірибе жинақтап, гүл шаруашылығын ақыры жолға қойдық. Мұның бәрі отбасының қолдауының арқасында іске асты, жұбайым, енем, балаларым әрдайым жанымнан табылды, – деген көпбалалы ана сөзін одан әрі сабақтады:***

***– Алғашында, 2022 жылы біз бұл істі альстромерияны, яғни перу лалагүлін өсіруден бастадық. Бұл нәзік гүлдің түсі алуан түрлі, жеке дара да, басқа гүлдермен үйлесімде де өте әдемі көрінеді. Ол кесіліп алынғаннан кейін де ұзақ уақыт бойы өңін жоғалтпайды. Ал 2023 жылдан бастап голландиялық тұқымдар сатып алып, қызғалдақ өсіруді де қолға алдық. Өткен жылы 40 мың түп гүл өсірсек, биыл оның саны 60 мыңға жетті, – дейді кәсіпкер-гүл өсіруші.***

***Гүл бизнесін жүргізуге бүкіл отбасы атсалысады, олардың әрқайсының өз міндеті бар. Жұбайы Самат Жұмағұлов пен үлкен ұлдары қайратты күшті қажет ететін жұмыстарға көмектессе, ал отбасындағы әйелдер жағы гүлдерді отырғызып, күтіп-баптаумен, дайын өнімді қаптаумен айналысады.***

***– Отбасылық істің берік болуы – бәріміздің бір кісідей жұмылғанымыздың арқасы. Үлкен немерелерім бос уақытында көмектеседі, кішілерін де біртіндеп еңбекке баулып жүрміз. Әркімнің өз міндеті бар. Келін шаруамен айналысып жатқанда, бәріміз қолғабыс етеміз. Балалардың талпынып, тырысып жүргенін көргенде, ең бастысы бизнес емес, еңбек ете білу, еңбекті қадірлеу, туған жерді сүю екенін түсінесің, – дейді Асылхан Омарбекқызы.***

***Жылыжайдағы жұмыс таң сәріден басталады, әрі температуралық режимді тәулік бойы бақылап отыру қажет.***

***– Отырғызған сәттен бастап қызғалдақтар үздіксіз күтімді қажет етеді. Алдымен пиязшықтарды салқындатып аламыз, бұл олардың өсуін жылдамдатады. Отырғызуға қажетті құрамды топырақты дайындаймыз. Содан кейін температураны біртіндеп көтереміз. Біз желтоқсан айында отырғыза бастаймыз, сонда ақпанда берік бүршіктер дайын болады. Кейін 3–4 күн сайын тамшылатып суару жүйесі арқылы суарамыз. Температура +10 градустан төмен болмауы тиіс. Таңертең ерте гүлдер ашылып кетпей тұрып жинап аламыз, кейін бұл жұмысты түстен кейін сағат 3-тен кешкі 7-ге дейін жалғастырамыз. Күніне 5–7 мың гүл жинаймыз. Дайын гүл шоқтарын пиязшығымен бірге қаптап, салқын қоймаға сақтауға жөнелтеміз. Бұл істегі ең маңыздысы адамның жылуы деп ойлаймын. Таңертең жылыжайға кіргенде алдымен гүлдермен амандасып, оларға жылы сөз айтамын. Сонда өзімнің де көңіл күйім көтеріледі, гүлдер де жақсы өседі, – дейді Асылхан апа.***

***– Қызғалдақтар расында да күйзелістен арылуға көмектеседі. Жылыжайда жұмыс істеп, гүлдерді кесіп жүргенде көңіл күйіңнің қалай көтерілгенін байқамай да қаласың, – дейді келін енесінің сөзін құптап. – Бұл ең алдымен гүлдердің қанық, жарқын түсімен байланысты болса керек. Ұзақ қыстан кейін жайнаған қызғалдақтар біз үшін – жай ғана гүл емес, көктем келгенінің белгісіндей, – дейді Балжан.***

***Айта кетейік, отбасының үй жанындағы жылыжайының жалпы аумағы 8 сотық. Қазіргі таңда отбасы мүшелерінен бөлек, мұнда тағы төрт жергілікті тұрғын жұмыспен қамтылған.***

***– Жылыжайларымыздағы альстромериялардың басым бөлігі жиналып болды, бірақ өсімдікке күтім жасай береміз, өйткені перу лалагүлі жыл бойы гүлдейді. Ал қызғалдақтар алдағы 8 наурыз мерекесінде Жетісу аруларын қуантуға дайын. Гүлдерді негізінен Талдықорған қаласының гүл дүкендеріне, сондай-ақ облыс көлемінде саудаға шығарамыз. Отбасымыз өсірген гүлдер Жетісу тұрғындарына жылылық пен қуаныш сыйлайды деп сенеміз. Өйткені біз оларды жанымызды салып, сүйіспеншілікпен баптап өсіріп отырмыз, – дейді Балжан Құдайбергенқызы.***

***Бұл еңбеккер отбасының тарихы – күнделікті жұмысқа деген адалдық, жақындарының бір-біріне қолдау көрсетуінің және өзара сенімінің айқын айғағы.***

***Фотограф: Дмитрий Ерофеев***

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЖЕТІСУДА БАЛҚАШ КӨЛІНДЕ АЛҒАШ РЕТ ҚЫСҚЫ БАЛЫҚ АУЛАУ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

***Жетісу облысында туризмді дамыту аясында Балқаш көлінің жағалауында алғаш рет «Balkhash Winter Fishing – 2026» қысқы балық аулау фестивалі өтті. Фестивальға еліміздің әр өңірінен келген әуесқой балықшылар қатысты. Атап айтқанда, шарада Астана, Алматы, Өскемен, Талдықорған қалаларынан, сондай-ақ Үндістан мен Якутиядан келген тревел-блогерлер қонақ болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

Туристік іс-шара Жетісу облысының туризм басқармасы мен «Visit Zhetysu» туристік ақпараттық орталығының ұйымдастыруымен, Сарқан ауданы әкімдігінің қолдауымен өтті. Фестивальдің негізгі мақсаты – өңірдің қысқы туристік әлеуетін паш ету және Балқаш көлін тек жазғы демалыс орны ретінде ғана емес, жыл бойы саяхат жасауға қолайлы бағыт ретінде насихаттау. Сонымен қатар шара барысында экологиялық мәселеге де ерекше назар аударылды: табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға, жауапкершілікті туризм мәдениетін қалыптастыруға басымдық берілді.

– Президент тапсырмасын орындау мақсатында Жетісу облысында туризмді ілгерілету бағытында жүйелі шаралар қабылдануда. Бұл ретте туристік әлеуеті зор Балқаш көлі жағалауын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Ең алдымен көлік жолы мәселесі шешілді. Бұдан кейін Бас жоспар мен жағалау аймағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Көл жағалауын дамыту жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру, санитарлық жағдайды жақсарту және қауіпсіздікті күшейту шаралары қолға алынған. Бүгінгі қысқы балық аулау фестивалі Балқаш көлі мүмкіндіктерінің ауқымын айқын көрсетеді. Қыс мезгілінде де бұл бағыт туристер арасында жазғы маусымдағыдай танымал бола алады, – деп атап өтті облыстық туризм басқармасының басшысы Сәкен Тукібаев.

Мұз үстінде балық аулау ережелерімен танысқан қатысушылар төрт сағат бойы балық аулады. Ниет білдірушілерге арнап жел өтпейтін шатырлар тігіліп, оларға қармақ пен түрлі жем ұсынылды, сондай-ақ мұзды бұрғылап, ойық жасауға көмек көрсетілді. Қолдау ретінде ыстық шай беріліп, жылынып алулары үшін киіз үй тігілді. Фестиваль қорытындысында бірнеше аталым бойынша жеңімпаздар анықталды: алғаш ұсталған балық үшін «Балқаш олжасы», ең ірі балық үшін «Алтын олжа», ең көп ауланған балық үшін «Мұз патшасы» номинациялары берілді. Әр жеңімпазға арнайы диплом мен естелік сыйлықтар, сол сияқтыНачало формы қатысушылардың барлығына алғыс хаттар табысталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Балқаш көлінде өткен қысқы балық аулау фестивалі табиғатты, белсенді демалысты, таза ауадағы шынайы қарым-қатынасты бағалайтын жандар үшін нағыз мерекеге айналды.

Қысқы фестиваль туралы ой-пікірін ортаға салған қатысушылардың бірі алматылық Әсел Құбашева:

- Мен қай жаққа шықсам да ең бірінші инфрақұрылымына мән беремін. Мұнда біз Алматыдан шаршамай жылдам жеттік, яғни жол өте жақсы. Аңшыға да, балықшыға да, саяхатшыға да ең алдымен қажет дүние осы ғой. Шаршамай-шалдықпай жетуі, барған жерде қолайлы жағдай болуы аса маңызды. Фестиваль бірінші рет өтіп жатса да жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Келешекте мұнан да ауқымды бола түседі деп сенемін, - деді ол.

Әселден басқа бұл шараға елуге жуық инфлюенсер келді. Олардың қатарында еліміздің әсем табиғатына қызыққан бірнеше шетел азаматы да бар.

- Мен осы елдің көрнекті жерлерінде бірнеше мәрте болдым. Маған Көлсай көлі, Шарын шатқалы, Алакөл көлі керемет ұнайды. Енді, міне, Балқаш көлінің қыста кейпін де көрдік. Бұл жердің туристік әлеуеті зор. Жазда тағы бір келіп көру керек, - дейді үндістандық студент, тревел-блогер Шах Хусайб.

Сөйтіп, «Balkhash Winter Fishing» жай ғана іс-шара емес, ол Жетісу өңірінің брендін қалыптастыруға бағытталған жүйелі стратегияның бір бөлігі деуге болады. Бұл бастама дәстүрлі туристік бағыттарды дамытуға және жаңа туристік маршруттарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов, сол сияқты бірқатар фотосуреттерді «Visit Zhetysu» туристік ақпараттық орталығы ұсынды.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# МАС КҮЙІНДЕ КӨЛІК БАСҚАРУДЫҢ САЛДАРЫ

***Ескелді аудандық сотында көлік құралын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік масаң күйде болған адамның көлік құралын басқаруы, абайсызда өзге құрылыстардың бүлінуіне әкеп соққан әрекеті үшін сотталған Х.-ға қатысты қылмыстық істі қарады. (ҚР ҚК-тің 346-бабының 2-бөлігі)***

Сотта анықталған мән-жайлар: 2025 жылғы 29 желтоқсанда сағат 18:30 шамасында Х. Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылында көлік құралын басқару құқығынан айырылғанына қарамастан, «ВАЗ 2102» маркалы автокөлікті алкогольдік масаң күйде басқарғаны анықталды. Токтаров көшесімен келе жатып, ол көлік тізгініне ие бола алмай, жарықтандыру бағанына соқтығысқан. Жол-көлік оқиғасының салдарынан «Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-не 120 000 теңге мөлшерінде материалдық залал келтірілген.

Тараптардың ұстанымы. Сот отырысында сотталушы кінәсін толық мойындап, аталған күні спирттік ішімдік ішкенін, автокөлікті үйінің маңына қою мақсатында көлікке отырғанын, түсіндірді. Жасаған іс-әрекетіне өкініш білдіріп, келтірілген залалды толық өтегенін көрсетті және бас бостандығынан айыру жазасын тағайындамауды сұрады.

Жәбірленуші өкілі залалдың толық өтелгенін растады және жаза тағайындау мәселесін соттың қарауына қалдырды.

Сот сотталушының жасаған ісіне шын жүректен өкінуін қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде таныды. Ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ. Сонымен қатар сот Х.-ның бұған дейін көлік құралын басқару құқығынан жеті жыл мерзімге айырылғанын, соған қарамастан тиісті қорытынды жасамай, қайтадан алкогольдік масаң күйде көлік басқарғанын ескерді.

Жаза тағайындау кезінде сот жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін, оның ауыр қылмыстар санатына жататынын, сотталушының жеке басын, келтірілген залалдың толық өтелгенін, сондай-ақ жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу қажеттігін назарға алды. Сот жаза мақсаттарына сотталушыға нақты бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау арқылы ғана қол жеткізуге болады деген қорытындыға келді, өйткені шартты жаза оның түзелуін қамтамасыз етпейді.

Сот үкімімен Х. ҚР ҚК-нің 346-бабының 2-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, оған орташа қауіпсіздік қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде өтеумен 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы және өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасы тағайындалды. Сонымен қатар, сотталғаннан Жәбірленушілерге өтемақы қорының пайдасына 78 640 теңге мөлшерінде мәжбүрлі төлем және сот-медициналық сараптама жүргізуге байланысты 840 теңге 50 тиын көлемінде процессуалдық шығын өндірілді.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

**Ескелді аудандық сотының баспасөз қызметі.**

# ЖЕТІСУДА ЖАС КӘСІПКЕР ҚОЛ АШЫТҚЫМЕН ПІСІРЕЛЕТІН НАН ӨНДІРІСІН ЖОЛҒА ҚОЙДЫ



***Жетісу облысында жас кәсіпкер қолдан пісірілетін нан өндірісін жолға қойды. Мамандығы экономист бола тұра, наубайшы кәсібін өз бетінше меңгерген ол «тірі» қол ашытқыларды ғана пайдаланып, ашытқы (дрожж) қоспай дайындалатын «пайдалы» нанның жеті түрін өндіруде. Қазіргі таңда кәсіпорында жергілікті ұнды пайдалана отырып, күніне 350-ге жуық өнім дайындалады. Дайын өнім облыс орталығындағы 25 дүкенге жеткізіледі. Алдағы уақытта кәсіпкер өнім түрлерін көбейтіп, өндіріс көлемін ұлғайтып, республикалық деңгейге шығуды жоспарлап отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

Ерболат Ерenталов жұмыс күні ыстық нанның аңқыған иісінен басталатынын айтады. Он сегіз жасынан бастап кәсіпкерлікпен айналысып келе жатқан ол шағын болса да, өз наубайханасын ашуды ұйғарды. Нарықтағы сұранысты зерттеп, нан-тоқаш өнімдерін өндірумен айналысқан жөн деп шешкен. Алдымен алты ай бойы Алматы қаласында білім алып, тәжірибе жинақтап, нағыз үй нанының дәмін сезіндіретін өнім дайындаудың қыр-сырын меңгерді.

– Нан өндірісі саласында жаңалық ашу мүмкін емес сияқты көрінеді. Бірақ мен Талдықорған қаласының нарығын зерттей келе, өз орнымды тауып, қаламызда жоқ қол наны өндірісін жолға қойдым. Яғни, баршаға таныс өнімді жаңартып, табиғи әрі пайдалы ете түсуге болады. Менің құпиям қарапайым, бар болғаны табиғи ашытқы, қоспасыз, тек табиғи ингредиенттер ғана қолданамын. Біздің шағын наубайханамыз жаз мезгілінен бері жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда тұрақты түрде алты адам еңбек етеді. Барлығымыз бірлесіп, бұл бастаманы үлкейтуге, пайдалы іске айналдыруға күш салып жатырмыз, – дейді жас наубайшы.

– Нан бізді отбасымыздың тарихымен, салт-дәстүрімізбен, мәдени мұрамызбен байланыстырады. Сондықтан наубайханама атамның есімін бердім, – деп сөзін жалғастырады Ерболат. – Қол ашытқымен дайындалатын нан пісіруге көбірек уақыт кетеді, өйткені үдерістің басым бөлігі қолмен атқарылады. Біз тек қамыр илейтін құрылғыны ғана қолданамыз. Ашытқының орнына табиғи ашытқы пайдаланамыз. Қамырдың ұзақ уақыт ашытылуының арқасында өнімнің ішкі құрылымы кеуекті, қыртысы қытырлақ, ал иісі ерекше әрі қанық болады. Қазіргі таңда біз тартин нанын, дәнді және мүкжидек қосылған нан, дәнді багет, бородино наны мен қара бидай нанын, чиабатта және қарақұмық чиабаттасын пісіреміз. Сонымен қатар күн сайын 60 бөлке әлеуметтік нан пісіреміз. Сұраныс болса, круассан, синнабон, прәндік, самса және басқа да түрлі нан-тоқаш өнімдерін дайындауға мүмкіндігіміз бар. Қажетті құрал-жабдықтарымыз да, өсіп-өркендеуге деген ниетіміз де жеткілікті.

Тағы бір ерекшелігі – наубайханада дайын нан қарқынды мұздату әдісінен өткізіледі. Соның арқасында өнімді алыс жерлерге тасымалдауға мүмкіндік бар.

– Қазіргі уақытта наубайханамыздың өнімі тек Талдықорған қаласында сатылып жатыр. Алдағы уақытта облыстық, республикалық деңгейге шығсақ деймiз. Ол үшін ең алдымен сапалы әрі пайдалы өнім өндіруге бар күшімізді салып келеміз. Әрине, мемлекет тарапынан қолдау болса, өндірісті кеңейтіп, ассортиментті ұлғайтуға дайынбыз. Әр адам өмірде өз орнын тауып, табысқа жете алады деп санаймын. Ол үшін өз ісіңді сүйіп, оны жан-тәніңмен беріле істеуің керек, – деп түйіндеді сөзін Ерболат.

Ерболаттың талпынысының тарихы – Талдықорған қаласындағы шағын және орта бизнестің дамуының жарқын мысалдарының бірі.

Бұл ретте атап өтсек, Талдықорған қаласының шағын және орта бизнес саласында шамамен 21 мың кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді, ал бұл салада жұмыспен қамтылғандар саны 40,9 мың адамға жеткен.

**Фотограф: Дмитрий Ерофеев**
**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЗАҢДЫ БІЛУ ӨЗ МҮДДЕЛЕРІҢДІ ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

***Құқықтық мемлекет деген ұғым жай ғана әдемі тұжырым емес, ол күнделікті өмірімізде нақты көрініс табуға тиіс қағида. Мемлекеттің басты тірегі заң, ал заңның шынайы күші оны азаматтардың білуі мен құрметтеуінде. Біздің мемлекетіміздің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы. Бұл құжатта әрбір азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары бекітілген. Заң мен сот алдында теңдік, меншік құқығын қорғау, еңбек ету еркіндігі, ар-ождан бостандығы мұның бәрі қағаз жүзіндегі декларация ғана емес, нақты кепілдік берілген құқықтар. Алайда құқықтардың заңда жазылуы оларды автоматты түрде қорғайды дегенді білдірмейді. Құқықты қорғау үшін оны білу, түсіну және дұрыс пайдалану қажет.***

Сот тәжірибесінде жиі кездесетін жағдайлардың бірі азаматтардың өз құқықтық қатынастарының мазмұнын толық түсінбеуі. Еңбек шартын оқымай қол қою, несие келісімінің талаптарына мән бермеу, мүліктік құқықтарды уақытылы тіркемей жүру, шағым беру мерзімін өткізіп алу мұның бәрі кейін дауға айналып жатады. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі азаматтық айналымдағы қатынастарды нақты реттейді, ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қоғамға қауіпті әрекеттер үшін жауаптылықты белгілейді. Бірақ осы нормаларды білмеу жауапкершіліктен босатпайды және көбіне құқықты қорғауды қиындатады.

Құқықтық сауаттылық тек даулы жағдай туындағанда ғана қажет емес. Ол күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі. Пәтер сатып алу, кәсіп бастау, интернет арқылы келісім жасау, дербес деректерді қорғау мұның бәрі құқықтық салдары бар әрекеттер. Әсіресе цифрлық технологиялар кең тараған кезеңде алаяқтық тәуекелдері артып отыр. Осындай жағдайда азамат өзінің заңды мүмкіндіктерін, қорғану тәсілдерін және міндеттерін нақты білуге тиіс.

Заңды білу тек құқықтарды талап ету емес, сонымен қатар жауапкершілікті сезіну. Әрбір құқық белгілі бір міндетпен қатар жүреді. Қоғамдық тәртіпті сақтау, өзгенің құқығына құрметпен қарау, шарт талаптарын адал орындау құқықтық мемлекеттің негізі осында. Заңға селқос қарау, «білмедім» деген уәжге сүйену құқықтық салдардан құтқармайды.

Сот құқықты қорғаудың соңғы сатысы. Алайда құқықтық мәдениеті жоғары қоғамда көптеген даулар сотқа жетпей, заң аясында өзара келісіммен шешіледі. Өз талабын нақты негіздей алатын, дәлелдерін уақтылы ұсынатын, процессуалдық құқықтарын дұрыс пайдаланатын азамат сот процесінің тиімділігіне де оң ықпал етеді. Бұл өз кезегінде әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай айтқанда, заңды білу бұл жеке қауіпсіздік, әлеуметтік тұрақтылық және азаматтық жауапкершіліктің кепілі. Өз құқығын білетін адам өз мүддесін қорғай алады, ал құқықтық мәдениеті жоғары қоғамда әділдік пен тәртіп орнығады. Сондықтан әр азамат құқықтық білімін үздіксіз жетілдіріп, заңға құрметпен қарауы тиіс. Заң үстемдігі өркениетті мемлекеттің басты белгісі, ал оны жүзеге асыратын саналы әрі құқықтық сауатты қоғам.

**ГУЛЬНАРА АСЕЛБАЕВА**
**Ескелді аудандық сотының судьясы**

# ДИНА КҮЙІ-ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

***Биыл қазақтың әйгілі күйші-композиторы,күй анасы Дина Нұрпейісованың туғанына 165 жыл толып отыр. Қазақ музыка өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлғаның есімі ұлт тарихында алтын әріппен жазылған. Дина Нұрпейісова 1861 жылы Батыс Қазақстан өңірінде дүниеге келген. Жастайынан домбыраға әуес болып,тоғыз жасынан күй тарта бастаған. Оның өнеріне тәнті болған ұлы күйші Құрманғазы Динаны өзіне шәкірт етіп,батасын берген. Осылайша ол дәстүрлі күй мектебін жалғастырып,қазақтың аспаптық музыкасын жаңа белеске көтерді. Күй анасының «Бұлбұл», «Әсем қоңыр», «Тойбастар» , «Ана бұйрығы», «Он алтыншы жыл» секілді күйлері халық жүрегінен мәңгі орын алды. 1937 жылы Алматыда өткен республикалық өнер байқауында жүлделі орын алып, есімі республикаға кеңінен танылды. Ол сахна төрінде домбыра шертіп,қазақ әйелдерінің өнердегі орнын айшықтаған тарихи тұлға болды. Дина Нұрпейісованың 165 жылдығына орай Ескелді аудандық кітапханасында «Дина күйі-халық мұрасы» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылып, оқырмандарға күй анасының өмірі мен шығармашылығы кеңінен таныстырылды. Шара барысында кітап көрмесі ұсынылып, күйлері орындалды. Ұлттық өнердің шоқтығын биіктеткен Дина Нұрпейісованың есімі мен мұрасы мәңгі жасай бермек.***

**Айжан Найзабекова ,**
**Аудандық кітапхананың**
**оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

***Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кері әсер ететін қауіпті әлеуметтік құбылыс. Ол қоғамдағы әділдік пен теңдік қағидаларын бұзып, халықтың мемлекетке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – әрбір ел үшін маңызды міндеттердің бірі.***

***Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – лауазымды тұлғалардың өз қызметтік өкілеттіктерін жеке пайдасы үшін заңсыз пайдалануы. Оған пара алу, пара беру, қызметтік жағдайды теріс пайдалану, бюджет қаражатын жымқыру сияқты әрекеттер жатады. Мұндай құқықбұзушылықтар қоғамның барлық саласына зиян келтіреді.***

***Жемқорлықтың басты себептерінің бірі – жеке пайдаға деген ашкөздік пен жауапкершіліктің төмендігі. Сонымен қатар заң талаптарының сақталмауы, бақылаудың әлсіздігі де осы мәселеге жол ашады. Егер адам өз ісіне адал болып, заңды құрметтесе, сыбайлас жемқорлық азаяр еді.***

***Сыбайлас жемқорлықтың салдары өте ауыр. Ол экономиканың дамуын тежейді, әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді және жастардың болашаққа деген сенімін төмендетеді. Әділетсіздік белең алған қоғамда адал еңбек бағаланбай қалады.***

***Сондықтан жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті болуы тиіс. Әр азамат заңды сақтап, пара берудён де, алудан да бас тартуы керек. Тек сонда ғана әділетті әрі дамыған қоғам құруға болады.***

***Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына кедергі келтіретін қауіпті құбылыс. Онымен күресу үшін адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын ұстану қажет.***

***Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары ерекше маңызға ие. Ең алдымен, қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру қажет. Азаматтар өз құқықтары мен міндеттерін жақсы білген жағдайда, заңсыз әрекеттерге қарсы тұра алады. Мектеп қабырғасынан бастап адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттау – болашақ ұрпақты жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің тиімді жолы.***

***Мемлекет тарапынан да ашықтық пен есеп берушілік принциптері күшейтілуі тиіс. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін цифрландыру, ашық конкурстар өткізу, қоғамдық бақылауды дамыту – жемқорлық тәуекелдерін азайтады. Ақпараттың қолжетімді болуы халықтың сенімін арттырады.***

***Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер де сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте маңызды рөл атқарады. Олар қоғамдағы заңсыз әрекеттерді жария етіп, әділдіктің орнауына ықпал етеді. Әрбір азамат белсенді ұстаным танытып, заң бұзушылықты көрген жағдайда тиісті органдарға хабарлауы қажет.***

***Адалдық – мықты мемлекеттің тірегі. Егер әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, парақорлыққа жол бермесе, қоғамда сенім мен тұрақтылық орнайды. Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет – бұл әділдік үстемдік құрған, болашағы жарқын ел.***

***Осылайша, сыбайлас жемқорлықпен күрес – ұзақ әрі үздіксіз процесс. Ол үшін мемлекет пен қоғам бірлесе әрекет етуі керек. Тек сонда ғана біз заң үстемдік ететін, дамыған және өркениетті қоғам құра аламыз.***

**Берік Оналбайұлы Дюсебаев,**
**Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы-**
**Әдеп жөніндегі уәкілі**

# САПАЛЫ СУ – САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ӨЗЕГІ

***«Сапалы су – салауатты өмір салтының өзегі» ұғымы денсаулықты сақтау мен нығайтуда таза, минералдарға бай суды күнделікті тұтынудың маңыздылығын білдіреді. Адам ағзасының 60-70%-ы судан тұратындықтан, сапалы су алмасу процестерін жақсартып, зиянды заттарды шығаруды, сергектік пен ұзақ өмір сүрудің негізі болып табылады.***

***Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, даму үстіндегі елдердегі жұқпалы аурулардың 80%-ға жуығы сапасыз ауыз су тұтынуымен байланысты. Су – ағзаның барлық негізгі жүйелеріне, соның ішінде асқорыту, жүйке және эндокриндік жүйелерге тікелей әсер етеді.***

***«Су – ағзадағы жылу алмасу (терморегуляция), ас қорыту, ми жұмысы және токсиндерді шығаруда басты рөл атқарады. Бірақ судың бәрі бірдей пайдалы емес. Шынайы қауіпсіз су – бұл тек химиялық тұрғыдан тазартылған емес, сонымен қатар ағзаға қажет минералдармен биологиялық тұрғыдан байытылған су».***

***Сырт көзге таза көрінетін су — әрдайым қауіпсіз бола бермейді. Оның құрамында адам денсаулығына зиян келтіретін жасырын қауіптер болуы мүмкін:***

***Хлор – органикалық заттармен әрекеттесіп, канцерогенді тригалометандарды түзуі мүмкін;***

***Ауыр металдар – қорғасын мен кадмий сияқты металдар бауыр мен бүйрек қызметін бұзып, ұзақ уақыт бойы әсер етсе, танымдық функцияларға кері ықпал етеді;***

***Бактериялар мен вирустар – өткір улану, іш өту (диарея), тері аурулары мен созылмалы қабыну процестерін туындатуы мүмкін.***

***Көп жағдайда қалалық су орталықтандырылған тазартудан өтсе де, ол ескі құбырлар арқылы қайта ластануы мүмкін. Мұндай жүйелерде тұнба, тот, бактериялар мен тұздар судың сапасын нашарлатып, бізге кәдімгі кран арқылы келіп түседі. Сондықтан, үй жағдайында суды қосымша тазарту қажет.***

***Ағзада су жетіспесе:***

***-асқазан-ішек жолында қорғаныш сілемей қабатының түзілуі азаяды;***

***-бүйрекүсті безі мен қалқанша бездің жұмысы нашарлайды;***

***-тері серпімділігі (тургоры) төмендеп, созылмалы шаршау мен фермент түзілуін бұзылуы байқалады.***

***Әр адам үшін қолжетімді қарапайым шешімдер:***

***-Фильтр-құмыралар, портативті жүйелер мен көмір сүзгілері;***

***-Минерализаторлар;***

***-Сапар кезінде — бөтелкедегі немесе қайнатылған су;***

***-Ыстықта және физикалық жүктемеде — электролиттік қоспалар.***

***Судың сапасы — бұл тек технология мәселесі емес, бұл әдет пен сана мәселесі. Су — болашақ ұрпақтың денсаулығын қалыптастырады, ал оның сапасына салынған әр инвестиция — ұлттың денсаулығына салынған инвестиция.***

**Е.Сейсембинов,**
**Ескелді аудандық**
**СЭБ басқарма басшысы**
**Д.Бектенов, жетекші маман**

# «ҚАРА СӨЗДІҢ ҚАБДЕШІ» ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ 90 ЖЫЛ



***Ескелді аудандық кітапханасының библиография бөлімінде «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында, Қабдеш Жұмаділовтың 90 жылдығына орай, «Қара сөздің Қабдеші» атты тұғатану сабағы Алдабергенов атындағы мектепте, оқушылар арасында өтті. Сонымен қатар, Қабдеш Жұмаділовтың кітаптарына библиографиялық шолу жасалынды. Проза жанрында ерекше орын алатын Қабдеш Жұмаділовтың кітаптарын оқушыларға мазмұны мен шығу тарихы жайында түсіндірілді.***

Қазақ әдебиетінде қаламының қарымы, ойының салмағы, сөзінің қуатымен дараланған тұлғалар аз емес. Солардың алдыңғы легінде көрнекті жазушы, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов тұр. Биыл қазақ руханияты үшін айрықша мәні бар қаламгердің туғанына 90 жыл толып отыр. Бұл- бір адамның ғана мерейтойы емес, тұтас бір дәуірдің, ұлт тағдырымен астасқан әдеби мұраның мерекесі.

Қабдеш Жұмаділов- қазақтың қара сөзін қасиет тұтып, прозаның биік шыңына көтерген суреткер. Оның шығармалары ел тарихын, халықтың басынан өткен зұлматты кезеңдерді, көшпенді тағдырдың күрделі иірімдерін терең де шынайы бейнеледі. Жазушының қаламынан туған әрбір туынды-өткеннің елесі ғана емес, бүгінгі ұрпаққа тағылым болар рухани сабақ.

Әсіресе «Соңғы көш», «Тағдыр», «Дарабоз» романдары қазақ прозасының алтын қорынан берік орын алды. Бұл шығармаларда автор тарихи оқиғаларды құрғақ дерек ретінде емес, тірі адам тағдыры, елдік мұрат тұрғысынан суреттейді. Жазушы үшін тарих- өткен шақ емес, бүгінмен тілдесетін, ертеңге аманат болатын ұлы шындық.

Қабдеш Жұмаділовтің тілі- бай, көркем, бірақ жасанды емес. Оның қара сөзі қарапайым көрінгенімен, астары терең, ойы салмақты. Сондықтан да оны әдеби ортада «Қара сөздің Қабдеші» деп атау- рынды әрі әділ баға. Ол сөз арқылы ұлттың жадын жаңғыртып, рухын тірілтті. Жазушы шығармаларындағы басты тақырып- ел мен жер, еркіндік пен ұлттық болмыс. Шекара сыртындағы қазақ тағдырын, көшпенді халықтың күресін, азаттыққа деген ұмтылысын бейнелеуі арқылы Қабдеш Жұмаділов қазақ әдебиетінетың тыныс әкелді. Оның кейіпкерлері- ойдан шығарылған образдар ғана емес, халықтың өзі, ұлттың айнасы.

90 жылдық мерейтой- Қабдеш Жұмаділовтің әдеби мұрасын қайта саралап, жас ұрпаққа кеңінен танытатын тағылымды кезең. Қаламгердің еңбектері уақыт өткен сайын құнын жоғалтпай, қайта маңызын арттыра бермек. Өйткені оның жазғаны- өткінші тақырып емес, мәңгілік ұлттық құндылықтар.

Қара сөзді қасиет тұтқан Қабдеш Жұмаділовтің мұрасы- қазақ әдебиетінің мәңгілік қазынасы. Ұлт барда, рух барда, оның сөзі де өмір сүре бермек.

**М.Бекмырза,**
**Ескелді аудандық кітапханасының библиографы:**

# ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ



***Алдабергенов ауылдық кітапханасында « Тарихы терең туған өлкем» атты оқырмандар арасында дөңгелек өткізілді. Әр адамның жүрегінде айырықша орын алатын қасиетті мекен ол –туған өлке. Біздің туған өлкеміз де осындай терең тарихымен, сан ғасырлық шежірені бойына сақтаған киелі өңір.***

***Өз заманының ғана емес бүгінгі және келер ұрпақ өнеге тұтатын Нұрмолда Алдабергенов ауылында тұрған әрбір азамат туған өлкесін мақтан тұтары айдан анық. Бұл жерде ел қорғаған батырлардың ерлігі, ескерткіштер мен тарихи орындар туған жердің бай мұрасынан сыр шертеді. Өзінің мекені, туған жері үшін тер төгіп, еңбектен бақытын тауып, туған жерге іздерін өшпестей етіп қалдырған 21 Еңбек Ерлері туралы, жетістіктерін біз арқашанда мақтана айта аламыз. Өлкеміздің тарихы – тек өткен күннің естелігі ғана емес, ол келер ұрпаққа өнеге. Осындай тарихы бар туған жерді сүю, қадірлеу және оның дамуына үлес қосу – біздің азаматтық қасиетті борышымыз.Туған жеріміздің тарихын тану арқылы біз санамызды нығайтамыз, туған өлкемізбен мақтанамыз. Туған жерді – сүю елді сүюден басталады, аманат болған жерімізді келер ұрпаққа таза әрі гүлденген күйде жеткізу – біздің борышымыз.***

**С.А.Керемкулова,**
**Алдабергенов ауылдық кітапханасының кітапханашысы**

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛУІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ




***2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.***

***Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.***

***2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.***

***Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!***

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы**

# О ПРОВЕРКЕ ВКЛЮЧЕНИЯ В СПИСОК ГРАЖДАН, ИМЕЮЩИХ ПРАВО УЧАСТВОВАТЬ В РЕСПУБЛИКАНСКОМ РЕФЕРЕНДУМЕ

***Гражданин Республики Казахстан, достигший на день голосования 18-летнего возраста, имеет право участвовать в республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года.***

***Списки составляются акиматами на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. При отсутствии постоянной регистрации Вы вправе зарегистрироваться в качестве голосующего в соответствующем местном исполнительном органе с момента назначения референдума. Участки для голосования создаются решениями соответствующих акимов и их границы публикуются в средствах массовой информации.***

***С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме.***

***Важен голос каждого из нас!***

**Центральная комиссия референдума Республики Казахстан**

# ЖАРҚЫРА МЕНІҢ ЖҰЛДЫЗЫМ



***Шымыр ауылдық кітапханасында Қазақтың жыр аққуы атанған ақын қызы, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның мәдени өміріне елеулі үлес қосқан тұлға Марфуға Айтқожинаның 90 жасқа толуына орай «Жарқыра, менің жұлдызым» атты танымдық сағат өткізілді.***

Марфуға Айтқожина – қазақ поэзиясында өзіндік үні, нәзік лирикасы, терең ойлы жырларымен танылған көрнекті ақын. Ол 1936 жылы дүниеге келіп, саналы ғұмырын әдебиетке арнады. Халық Марфуға апайымызды жыр аққуы десе, бауырлары, жақындары Біраға деп атайды екен, ал ақын анамыздың шын есімі Маруа. Қажы атасы Меккеге барған кезде Маруа деген тауды көрген екен. Сонда қарт Айтқожа өмірге қыз бала келсе атын Маруа қойыңдар деп ырымдап, айтып кетіпті.

Марфуға Айтқожинаның шығармашылығы қазақ әйел поэзиясының биік белесі болып саналады. Оның өлеңдерінде туған жерге деген сүйіспеншілік, ана мейірімі, махаббат, адамгершілік, өмірдің мәні сияқты мәңгілік тақырыптар кеңінен көрініс табады. Ақын жырлары нәзік сезімге, сыршылдыққа, тазалық пен адалдыққа негізделген.

Марфуға Айтқожина бірнеше жыр жинақтарының авторы. Оның өлеңдері қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алды. Ақын тілі көркем, ойы терең, теңеулері әсерлі. Ол поэзия арқылы әйел жүрегінің иірімдерін, аналық махаббаттың құдіретін, табиғат пен адамның үйлесімін шебер бейнеледі.

Марфуға Айтқожина "Аңсау", "Аққу жүрек", Алатаудың Ақ батасы" туындыларында Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін эпикалық кең тыныспен жырлайды. Оның 60-жылдардан бері бүгінгі күнге дейін жиырма бес жыр жинағы шыққан. Алғашқы өлеңдер жинағы "Балқұрақ" деген атпен 1962 жылы жарияланады. Кейіннен әр жылдары "Шындағы жазу", "Жастық шақ", "Аққуым менің", "Қаракөз айым", "Баянжүрек", "Көзімнің қарасы", "Ақ бесігім", "Жарқыра, менің жұлдызым", "Қыран жеткен", "Таңдамалы", "Сағыныш сазы", "Жапырақ сілкінген кеш", "Аңсау", "Аққу жүрек", орыс тілінде "Утверждение", "Голубые голуби", "Струна степей", "Горсть земли", "Украшение коня", "Летние росы" өлеңдер жинақтары жарық көрді. Ал бірқатар шығармалары болгар, поляк, венгр, чех, парсы және тағы басқа тілдерге аударылған.

Ақын әдеби ортада белсенді еңбек етіп, жас ақындарға бағыт-бағдар берді. Қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосты. Оның еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, түрлі марапаттарға ие болды.

Марфуға Айтқожина – қазақ поэзиясында өшпес із қалдырған тұлға. Оның жырлары оқырман жүрегіне жылулық пен рухани күш сыйлайды. Ақын шығармашылығы – ұлт руханиятының қазынасы.

# МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАННЫҢ НҰСҚАМАСЫ ОРЫНДАЛДЫ

***Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне мониторинг жүргізді.***

***Мониторинг қорытындысы бойынша «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ-нің «Талдықорған жоғары аграрлық-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК-ның жарғылық қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысына сәйкес келмегені анықталды, бұл бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнама талаптарының бұзылуы болып табылады.***

***Осыған байланысты Департамент тарапынан анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығарылды. Қазіргі уақытта нұсқама толық көлемде орындалды***

# ИСПОЛНЕНО ПРЕДПИСАНИЕ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ОРГАНА

***Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу проведен мониторинг деятельности государственных предприятий.***

***По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности ГКП на ПХВ «Талдыкорганский высший аграрно-технологический колледж» ГУ «Управление образования области Жетісу» не соответствовали постановлению Правительства Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 1095, что являлось нарушением законодательства в области защиты конкуренции.***

***В этой связи Департаментом вынесено предписание об устранении нарушений. В настоящее время предписание исполнено в полном объеме.***

# ЖАҢА АТА ЗАҢ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН ЖАҚСАРТАДЫ



Жаңа Конституцияда қарастырылған цифрландыру ауылдық жерлерде дамып, қала мен ауыл арасындағы алшақтықты азайтып, тұрғындардың мемлекеттік әрі әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін жеңілдетеді. Сонымен қатар, елде жергілікті өзін-өзі басқару институты енгізіледі, ол халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетінше шешуге, мәслихаттар арқылы өз өңірінің өміріне белсенді ықпал етуге мүмкіндік береді. Дәл осындай әңгімені «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясының мүшелері ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Болат Керімбек, сондай-ақ Руслан Қожасбаев «Хильниченко и К» еңбек ұжымымен кездесу сөз етті.

«Хильниченко и К» құрылымы облыс аумағында ауыл шаруашылығы мен ауыл тынысын кеңейтіп отырған бірден-бір үлгілі шаруашылық. Коалициясының мүшелері ә дегеннен Ата заңдағы қазақтың қара шаңырағындағы тұрмысты ілгерілететін тың бастамаларға тоқталды. Мәселен, ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік және экономикалық қолжетімділікті кеңейту, ауыл шаруашылығын қолдау, фермерлер мен агроөнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту, жергілікті өндірісті нығайту, табиғи ресурстарды экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып тиімді пайдалану, сондай-ақ тұрғындардың жергілікті мәселелерді шешуге қатысу мүмкіндігін кеңейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

– Жаңа Конституция жобасы ауылдық аумақтарды дамыту арқылы тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды жаңартуға және әлеуметтік-экономикалық қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

Аграрлық саясат ауыл шаруашылығын қолдау мен жергілікті өндірісті нығайтуды қамтиды. Табиғи ресурстар жауапкершілікпен әрі тиімді пайдаланылуы тиіс. Ауыл тұрғындарының қоғамдық шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту – басты басымдықтардың бірі, - деді Руслан Қожасбаев.

# ЧЛЕНЫ КОАЛИЦИИ ВСТРЕТИЛИСЬ С СЕЛЬСКИМИ ЖИТЕЛЯМИ



В новом Конституционном проекте особое внимание уделено защите прав в цифровой среде. Защита персональных данных, доступ к онлайн-сервисам, интернет-безопасность и неприкосновенность частной жизни закрепляются на конституционном уровне. Это наглядное доказательство готовности государства защищать права граждан не только в традиционном пространстве, но и в цифровой среде. Именно эти ключевые идеи обсудили представители Общенациональной и областной коалиций «За Народную Конституцию справедливого и прогрессивного Казахстана!» - депутаты Сената Парламента РК Амангелді Есбай и Галиаскар Сарыбаев, а также Арыстангали Арын на встрече с жителями села Кайнарлы Ескельдинского района.

Члены коалиции подробно остановились на новых инициативах Основного закона, направленных на повышение благосостояния в сельской местности. Особое внимание было уделено вопросам улучшения качества жизни сельчан, развития инфраструктуры, расширения социальной и экономической доступности, поддержки сельского хозяйства, развития фермерства и агропромышленных предприятий. Также обсуждались укрепление местного производства, эффективное использование природных ресурсов при сохранении экологического баланса и расширение возможностей граждан участвовать в решении вопросов местного значения.

-Проект новой Конституции направлен на улучшение качества жизни населения через развитие сельских территорий, обновление инфраструктуры и повышение социально-экономической доступности. Аграрная политика включает поддержку сельского хозяйства и укрепление местного производства. Природные ресурсы должны использоваться ответственно и эффективно. Расширение участия сельских жителей в процессах принятия общественных решений - один из главных приоритетов, - отметил Амангелді Есбай.

# ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ 3–5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК, ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық қалыптасуының ең маңызды сатысы. 3–5 жас аралығында бала қоршаған ортаны белсенді түрде танып, сұрақ қойып, тәжірибе жасап, қарым-қатынас жасауға ұмтылады. Осы кезеңде баланың табиғи қызығушылығын қолдап, дұрыс бағыт беру – тәрбиешінің басты міндеті. Бұл міндетті жүзеге асырудың ең тиімді жолы – ойын.

Ойын – баланың жетекші әрекеті. Ойын барысында бала өзін еркін сезінеді, бастама көтереді, қиялын дамытады және қоршаған ортамен өзара байланыс орнатады. Зерттеушілік дағдыны дамыту үшін су мен құммен тәжірибе жасау, заттардың қасиеттерін салыстыру, табиғатты бақылау сияқты әрекеттер тиімді. Мұндай ойындар баланың себеп-салдарлық байланысты түсінуіне, болжам жасап, қорытынды шығаруына мүмкіндік береді.

